

**«QIWI Әмиян» жүйесінің дербес деректерін
өңдеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету
САЯСАТЫ**

1. Бұл Саясат не туралы?

1.1. «QIWI Kazakhstan» ЖШС (КИВИ Қазақстан) «QIWI Әмиян» жүйесінің дербес деректерін өңдеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету Саясаты (бұдан әрі – Саясат) (бұдан әрі - **КИВИ Қазақстан, Біз**), БСН 060640010247, мекенжайы: Қазақстан, 050059, Алматы қ., Қозыбаев к-сі 212, Сіздің дербес деректеріңізді нақты осы Ресурс шеңберінде (оның төменде анықталғанындай) біздің қалай өңдеп, қорғайтынымызды айқындайды.

1.2 Саясат Сіздің жеке деректеріңізді өңдейтін Ресурстағы барлық үдерістерімізге қолданылады. Барлық құрылымдық бөлімшелердегі біздің барлық басшыларымыз бен қызметкерлеріміз осы Саясатты қатаң түрде орындайды.

1.3. Біз Сіздің дербес деректеріңізді өңдейміз және олардың қауіпсіздігін Қазақстан Республикасы, РФ заңнамасының ережелеріне (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде), дербес деректерді өңдеу және қорғау саласындағы заңнаманың өзге де қолданылатын талаптарына сәйкес қамтамасыз етеміз.

1.4. Осы Саясатқа, сондай-ақ Сіздің дербес деректеріңізді өңдеуге және қорғауға қатысты кез келген мәселелер бойынша Сіз бізге: kzps@qiwi.com электрондық пошта мекенжайы бойынша хабарласа аласыз.

2. Біздің пайдаланатын терминдер

- **База операторы (бұдан әрі - оператор)** – Сіздің дербес деректеріңізді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке немесе заңды тұлға. Оператор өңдеу мақсаттарын, дербес деректердің құрамын, дербес деректермен жасалатын іс-қимылдарды айқындайды. Біз Сіздің дербес деректеріңіздің операторымыз.
- **Дербес деректер** – Сізге қатысты, Сізді басқа адамдардан ерекшелендіретін кез келген ақпарат (мысалы, телефон нөмірі немесе электрондық пошта мекенжайы).
- **Дербес деректер субъектісі** – дербес деректердің оған қатыстылығы бар адам.
- **Дербес деректерді өңдеу** – Біздің Сіздің дербес деректеріңізбен жасайтын кез-келген әрекет (мысалы, жинау, жазу, сақтау, жою).
- **Дербес деректерді беру** – Сіздің дербес деректеріңізге үшінші тараптың Заңды қол жеткізуін қамтамасыз ету. Егер үшінші тарап шет мемлекеттің аумағында болса, беру трансшекаралық болуы мүмкін.
- **Өңдеуші** – біздің тапсырма бойынша Сіздің дербес деректеріңізді өңдеуді жүзеге асырады. Кейбір үдерістерде біз өзіміз өңдеушіміз.
- **Трансшекаралық беру** – Сіздің дербес деректеріңізді шет мемлекеттің аумағына шет мемлекеттің билік органына, шетелдік жеке тұлғаға немесе шетелдік заңды тұлғаға беру.
- **Ресурс** – Интернет желісіндегі: <https://www.qiwi.kz> и <https://qiwi.com/> мекенжайы бойынша орналасқан сайттар, сонымен қатар AppStore-дағы (<https://apps.apple.com/ru/app/qiwi-қосымшасы/id350905609>) және Google Play-дағы (<https://play.google.com/store/apps/details?id=ru.mw&hl=ru>) «QIWI Әмиян» қосымшалары.
- **Клиенттер немесе Пайдаланушылар** – Жүйеде электрондық ақшаның иелері ретінде тіркелген жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер.
- **«QIWI Әмиян» жүйесі (бұдан әрі – Жүйе)** – электрондық ақшаны пайдалана отырып төлемдер мен өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы.
- **ҚР АҚ** – Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексі.
- **ҚКЖ/ҚТ заңы** – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-ІV Заңы.

3. Біз Сіздің дербес деректеріңізді қалай өңдейміз?

3.1. Біз Сіздің дербес деректеріңізді

Қызметтер мен сервистерді ұсыну үшін, оның ішінде:

- Ресурсты (Жүйенің сайттары мен қосымшаларын);
- Өзіне-өзі қызмет көрсету төлем терминалдарын;
- POS-терминалдарды

пайдалану кезінде Сіздің келісіміңіз негізінде

- Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптары және РФ Дербес деректер туралы заңнамасының талаптары негізінде (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде) жинаймыз және өңдейміз.

3.2. Біз Сіздің дербес деректеріңізді автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және пайдаланбай өңдей аламыз.

3.3. Егер біз Сіздің дербес деректеріңізді берсек, біз Саясаттың 6-бөлімінде сипатталған барлық қажетті деректер қауіпсіздігі шараларын енгіземіз. Біз Сіздің дербес деректеріңізді беретін үшінші тұлғалардың тізімі Саясаттың 7.1-тармағында көрсетілген.

3.4. Төменде біз субъектілердің әрбір санаты үшін дербес деректерді өңдеу туралы ақпаратты ұсындық.

3.4.1 Ресурсқа Келушілер

- **Мақсат.** Біздің Ресурстағы Сіздің іс-қимылыңызды талдау және осы деректерге негізделген қызметтер мен өнімдерді жақсарту үшін үшінші тараптың аналитикалық қызметтерін пайдалану

Тізбе: cookie-файлдар (маркетингтік, аналитикалық). Саясаттың 8-бөлімінде Біз Ресурсымызда нақты қандай cookie-файлдарды жинайтынымызды егжей-тегжейлі сипаттадық.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

3.4.2. Жүйенің Клиенттері

- **Мақсат.** Минималды мәртебе үшін Клиентті Жүйеде тіркеу

Тізбе: идентификаторлар: логин (телефон нөмірі), Әмиян нөмірі.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 5 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 5 жыл (**ҚКЖ/ҚТ заңының** 11-бабы 4-б.).

- **Мақсат.** Клиенттерді анықтау және мәртебені көтеру

Тізбе: идентификаторлар: электрондық әмиянның нөмірі; байланыс ақпараты: Т.А.Ә., электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі; құжаттардан мәліметтер: төлқұжаттық деректер (азаматтығы, туған күні, төлқұжаттың нөмірі, беру органы, берілген күні), ЖСН, жынысы; құжаттардың көшірмелері: сканерленген төлқұжат.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 5 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 5 жыл (**ҚКЖ/ҚТ заңының** 11-бабы 4-б.).

- **Мақсат.** Әмиянды толықтыру

Тізбе:

- идентификаторлар: логин, электрондық әмиянның нөмірі.
- байланыс ақпараты: телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.
- қаржылық ақпарат: теңгерім туралы мәліметтер, электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялар туралы мәліметтер (төлем сомасы, төлемнің жасалған уақыты мен күні, төлемнің мақсаты, алушылар).
- Жүйедегі мәртебелер.

- құрылғылар туралы мәліметтер: Жүйеге кіру үшін Сіздің пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық құралдардың конфигурациясы мен сипаттамалары туралы мәліметтер.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 5 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 5 жыл (ҚКЖ/ҚТ заңының 11-бабы 4-б.); Тізбенің 202-тармағы (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м. а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығы).

- **Мақсат.** Әмиянды пайдалану қауіпсіздігінің деңгейін арттыру мақсатында төлемдерді растау (соның ішінде Flash call, Voicесall, SMS) в целях повышения уровня безопасности использования Кошелекa.

Тізбе:

- идентификаторлар: логин, электрондық әмиянның нөмірі.
- Байланыс ақпараты: телефон нөмірі.
- Қаржылық ақпарат: теңгерім туралы мәліметтер, электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялар туралы мәліметтер (төлем сомасы, төлемнің жасалған уақыты мен күні, төлемнің мақсаты, алушылар), электрондық әмиянның жай-күйінің өзгеруі туралы ақпарат.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 5 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 5 жыл (ҚКЖ/ҚТ заңының 11-бабы 4-б.).

- **Мақсат.** Әмиянға қатысты оқиғалар туралы хабарлау (оның ішінде push-хабарламаларда)

Тізбе:

- идентификаторлар: логин, электрондық әмиянның нөмірі.
- Байланыс ақпараты: телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.
- Қаржылық ақпарат: теңгерім туралы мәліметтер, электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялар туралы мәліметтер (төлем сомасы, төлемнің жасалған уақыты мен күні, төлемнің мақсаты, алушылар), электрондық әмиянның жай-күйінің өзгеруі туралы ақпарат.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 5 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 5 жыл (ҚКЖ/ҚТ заңының 11-бабы 4-б.).

- **Мақсат.** Пайдаланушылардың өтініштерін өңдеу

Тізбе: идентификаторлар: электрондық әмиянның нөмірі; байланыс ақпараты: Т.А.Ә., телефон нөмірі; электрондық пошта; жеке басын куәландыратын құжаттан мәліметтер.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 3 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

- **Мақсат.** Жарнамалық және маркетингтік хабарламалар (соның ішінде push-хабарламаларда)

Тізбе: байланыс ақпараты: электрондық пошта.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 3 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

- **Мақсат.** Маркетингтік зерттеулер жүргізу

Тізбе: байланыс ақпараты: Т.А.Ә., телефон нөмірі, сұхбат барысында респондент хабарлаған мәліметтер.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 3 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

- **Мақсат.** Қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету және антифрод-жүйенің жұмыс істеуі

Тізбе:

- идентификаторлар: логин, электрондық әмиянның нөмірі.
- байланыс ақпараты: Т.А.Ә., телефон нөмірі; электрондық пошта мекенжайы.
- Сіздің қызметіңіз туралы ақпарат.
- көшірме / телефон нөмірінің тиесілігін растайтын құжаттан мәліметтер: құжаттың деректемелері, байланыс операторы.
- көшірме / жеке басын куәландыратын құжаттан мәліметтер.

Жою Критерийі: деректер транзакция жасалған сәттен бастап 5 жыл ішінде сақталады, сосын, шарт бұзылған жағдайда жойылады.

Сақтау мерзімі: 5 жыл (ҚКЖ/ҚТ заңының 11-бабы 4-б.).

- **Мақсат.** Жүйеде Клиент профилін орнату және жою

Тізбе:

- идентификаторлар: логин, электрондық әмиянның нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері.
- байланыс ақпараты: телефон нөмірі; электрондық пошта мекенжайы.
- қаржылық ақпарат: теңгерім туралы мәліметтер, электрондық әмиянның жай-күйінің өзгеруі туралы ақпарат.
- Жүйедегі мәртебелер.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 3 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

- **Мақсат.** Клиентпен чат-бот арқылы өзара әрекеттесу

Тізбе: логин, телефон нөмірі, әмиян нөмірі, IP мекенжайы; әмиян теңгерімінің жай-күйі; әмиян транзакциялары; төлқұжат сериясы мен нөмірі; сұраудың ерекшелігіне байланысты Сіз ұсынатын басқа да ақпарат.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер 3 жыл сақталады, сосын жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

- **Мақсат.** Басқарушылық есептілікті, талдауды дайындау, «QIWI Kazakhstan» ЖШС (КИВИ Қазақстан) өнімдері бойынша сауда шарттары мен болжамдарының үлгісін құру

Тізбе: логин, телефон нөмірі, әмиян нөмірі, IP мекенжайы; әмиян теңгерімінің жай-күйі; әмиян транзакциялары; төлқұжат сериясы мен нөмірі; сұраудың ерекшелігіне байланысты Сіз ұсынатын басқа да ақпарат.

Жою Критерийі: шартты бұзғаннан кейін деректер жойылады.

Сақтау мерзімі: шартты бұзғаннан кейін 3 жыл (ҚР АҚ 178-бабы 1-б.).

3.5. Біз жоғарыда аталған субъектілердің санаттарының дербес деректерін **ҚКЖ/ҚТ Заңының келісімі мен талаптары** негізінде өңдейміз (заңнаманың орындалуын және антифрод-жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында).

3.6. Біз Сіздің дербес деректеріңізді тікелей Сізден аламыз.

4. Сіздің дербес деректеріңізді сақтау және жою туралы

4.1. Біз Сіздің деректеріңізді қызмет көрсету, заң талаптарын орындау және 3-бөлімде сипатталған басқа мақсаттарымыз үшін қажет болғанша сақтаймыз. Осыдан кейін біз оларды қауіпсіз түрде жоямыз.

4.2. Сақтау мерзімін анықтаған кезде біз дербес деректердің көлемі мен сипатын, олардың қаншалықты сезімтал екенін, сондай-ақ олар сыртқа шығып кеткен немесе заңсыз пайдаланылған жағдайда Сіз үшін ықтимал тәуекелдерді ескереміз.

4.3. Егер қолданыстағы заңнама өзгеше талаптар қоймаса және бізде дербес деректерді өңдеу үшін басқа негіздер болмаса, біз келесі жағдайларда дербес деректерді жоямыз:

- **Өңдеу мақсатына қол жеткізілді.** Мысалы, егер Сіздің деректеріңіз біздің Қызметіміздің сапасын жақсарту және Ресурстарды пайдалану тәжірибеңізді талдау үшін пайдаланылса және мұндай талдау аяқталған болса.
- **Жарамдылық мерзімі аяқталды немесе Сіз келісімді кері қайтарып алдыңыз.** Мысалы, егер Сіз енді Қызметті пайдаланғыңыз келмесе және жеке кабинетті жоюды сұрасаңыз.

Егер Сіз біздің Ресурстың маңызды функциялары үшін деректеріңізді өңдеуден бас тартсаңыз (мысалы, антифрод жүйесінің жұмыс істеуі үшін), Сіздің келісіміңізді кері қайтарып алу кезінде біз Сізге қызмет **көрсете алмаймыз** және Сізбен келісімшартты **бұзуға мәжбүр боламыз**.

- **Деректер заңсыз өңделді.** Мысалы, біреу Сізді Сіз ол туралы білмей тіркеді.

4.4. Біз дербес деректерді жою рәсімін енгіздік және осындай жою актісінің нысанын бекіттік.

5. Сіздің құқықтарыңызды орындау тәртібі туралы

5.1. Сіздің құқықтарыңызды іске асыруға байланысты кез келген мәселелер бойынша Сіз бізге жүгіне аласыз:

- Электрондық пошта мекенжайы бойынша: kzps@qiwi.com.
- Немесе Қазақстан, 050059, Алматы қ., Қозыбаев к-сі, 212 мекенжайына хат жолдау арқылы.

5.2. Біз Сіздің құқықтарыңызды Қазақстан Республикасы мен РФ заңнамасының (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде) Дербес деректер туралы ережелерімен белгіленген көлемде орындауға міндеттенеміз:

Сіздің құқықтарыңыз	Сіздің құқықтарыңызды орындау тәртібі
Сіздің дербес деректеріңізді өңдеу мәселелері бойынша ақпарат және түсініктемелер алу, соның ішінде келесі туралы мәліметтер: • Дербес деректер қалай өңделеді; • Дербес деректерге кім қол жеткізе алады; • Дербес деректер қанша өңделеді және сақталады; • Сізге өз құқықтарыңызды қалай қорғауға болады; • Біз Сіздің дербес деректеріңізді трансшекаралық беруді жүзеге асырамыз ба; • Біздің тапсырмамыз бойынша дербес деректерді өңдеуді қандай тұлғалар жүзеге асырады	Негізгі ақпарат осы Саясатта берілген. Қосымша ақпаратты жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы сұрау жіберу арқылы алуға болады.
Өзінің дербес деректеріне өзгерістер мен толықтырулар сұрату	Сіз бізбен жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы өз бетіңізше байланыса аласыз.

Дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алу	Сіз жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға сұрау жібере аласыз. Дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алу құқығы өңдеудің барлық мақсаттарына және Саясаттың 3-бөлімінде көрсетілген барлық дербес деректерге жатады. Мұндай өтінішті алғаннан кейін біз өңдеуді уақтылы тоқтатамыз және дербес деректерді жоюды жүзеге асырамыз. Кейбір жағдайларда, Сіз өңдеуге келісіміңізді кері қайтарып алған кезде де, біз Сіздің деректеріңізді қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес сақтауға міндеттіміз (Саясаттың 3-бөлімін қараңыз), сондықтан Сізден тиісті сұрау алынған жағдайда, біз әрбір осындай сұрауды жеке қарастырамыз және Сізге дәлелді шешім береміз. Егер Сіз біздің Ресурстың маңызды функциялары үшін деректеріңізді өңдеуден бас тартсаңыз (мысалы, антифрод жүйесінің жұмыс істеуі үшін), Сіздің келісіміңізді кері қайтарып алу кезінде біз Сізге қызмет көрсете алмаймыз және Сізбен келісімшартты бұзуға мәжбүр боламыз.
Өзінің дербес деректерін бұғаттауды сұрау	Егер Сіздің дербес деректеріңізді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының және/немесе РФ заңнамасын бұза отырып (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде), сондай-ақ дәл емес дербес деректер анықталған жағдайда, біз Сіздің дербес деректеріңізді бұғаттаймыз. Сіз жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы дербес деректерді бұғаттауға сұраныс қалдыра аласыз.
Өзінің дербес деректерін жоюды сұрау	Егер біз деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізген болсақ, немесе Сіздің дербес деректеріңізді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының және/немесе РФ заңнамасын бұза отырып жүргізілсе (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде), немесе Сіз дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алсаңыз немесе мұндай деректердің жарамдылық мерзімі

	өтіп кетсе, біз Сіздің дербес деректеріңізді жоямыз. Сіз жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы дербес деректерді жоюға сұраныс қалдыра аласыз. Кейбір жағдайларда, біз Сіздің деректеріңізді қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес сақтауға міндеттіміз (Саясаттың 3-бөлімін қараңыз), сондықтан Сізден тиісті сұрау алынған жағдайда, біз әрбір осындай сұрауды жеке қарастырамыз және Сізге дәлелді шешім береміз.
Өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот немесе соттан тыс тәртіпте қорғау	Біз тәуекелдерді талдау нәтижелерін, заңнама талаптарын және үздік тәжірибелерді ескере отырып, Сіздің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізді қорғаудың қажетті шараларын енгіздік. Егер Сіз, өз әрекеттерімізбен біз Сіздің құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызды бұзып отырмыз деп ойласаңыз, Сіз: • Сотқа жүгінуге, оның ішінде залалды өтету және/немесе моральдық зиянды өтету үшін; • Біздің әрекеттерімізге немесе әрекетсіздігімізге Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігіне: https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/population?lang=ru шағымдануға; РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде: • Байланыс, ақпараттық технологиялар және бұқаралық коммуникациялар саласындағы Федералды қадағалау қызметіне (Роскомнадзор): https://rkn.gov.ru/treatments/ask-question/ біздің әрекеттерімізге немесе әрекетсіздігімізге шағымдануға құқылысыз.

5.3. Біз Сіздің дербес деректеріңізді автоматтандырылған өңдеу нәтижелері бойынша ғана шешім қабылдамаймыз.

5.4. Біз кәмелетке толмаған тұлғалардың дербес деректерін өңдемейміз.

6. Біз дербес деректердің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?

6.1. Біз Сіздің дербес деректеріңізді бөгде араласудан, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерінен, дербес деректерді ашудан немесе жоюдан қорғаймыз. Атап айтқанда, біз:

- дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауаптылар анықтадық;

- қызметкерлерімізді дербес деректерді өңдеу және қорғау ережелері мен қағидаларымен таныстырдық және оқыту жүргіздік;
- заңнама талаптарына сәйкес қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды енгіздік.

6.2. Біз Сіздің дербес деректеріңізді қолданыстағы заңнамада көзделген көлемде қорғау үшін өзге де қамтамасыз етуші шараларды қабылдаймыз, атап айтқанда:

- дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау;
- дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтау (егер рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаған болса);
- дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің қолайсыз салдарларын барынша азайту;
- мемлекеттік техникалық қызметке қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдаланатын, сақтайтын, өңдейтін және тарататын ақпараттандыру нысандарына қол жетімділікті ұсыну;
- қолданыстағы заңнамада көзделген дербес деректермен әрекеттерді тіркеу және есепке алу.

7. Деректерді беру

7.1. Біз Сіздің дербес деректеріңізді өңдеуге үшінші тұлғаларды тарта аламыз және оларға Қазақстан Республикасы мен РФ заңнамасына сәйкес (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде) Сіздің дербес деректеріңізді бере аламыз:

Біз Сіздің деректеріңізді кімге береміз?	Деректерді берудің мақсаты	Деректерді берудің шарттары	Сіздің деректеріңізді алушы орындайтын өңдеу әрекеттерінің тізімі	Трансшекаралық берудің болуы
Контрагенттер (операторлар)	Жүйенің клиенттерінен провайдердің пайдасына төлемдер қабылдау	Шарт	Жинау, жазу, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, беру, жүйелеу, жинақтау, алу, бұғаттау, жою	Жоқ
Қазақстан Халық Банкі АҚ (оператор)	Электрондық ақшаны шығару және өтеу	Шарт		Жоқ
«Қазпошта» АҚ (өңдеуші)	ҚАЗпошта арқылы сәйкестендіруді жүзеге асыру	Шарт		Жоқ
КИВИ АҚ (өңдеуші)	• Инфрақұрылымды пайдалану және Жүйені техникалық қолдау • Біздің Ресурстағы Сіздің іс-қимылыңызды талдау және осы мәліметтер негізінде қызметтер мен өнімдерді жақсарту • Аналитикалық зерттеулер мен есептілікті дайындау	Шарт		Бар, РФ
«Ключевые Бизнес Решения» ЖШҚ (өңдеуші)	Маркетингтік зерттеулерді жүргізу	Шарт		Бар, РФ
Уәкілетті мемлекеттік органдар (операторлар)	• Мемлекеттік органдардың сұрауларына жауаптар	Қолданыстағы заңнама талаптарын орындау		Жоқ

Біз Сіздің деректеріңізді кімге береміз?	Деректерді берудің мақсаты	Деректерді берудің шарттары	Сіздің деректеріңізді алушы орындайтын өндеу әрекеттерінің тізімі	Трансшекаралық берудің болуы
	Қолданыстағы заңнама талаптарын орындау			

7.2. Біз Сіздің дербес деректеріңіздің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еткен жағдайда Сіздің дербес деректеріңізді үшінші тұлғаларға береміз.

8. Cookie-файлдарды және басқа да веб-аналитика құралдарын пайдалану

8.1. Cookie — бұл сайтқа кірген кезде браузер жасайтын және сақтайтын шағын файлдар, cookie файлдары сайт пайдаланушысының құрылғысында сақталуы 1 жылдан аспайды және сайттың сапасын және оны пайдалану сипаттамаларын бақылауға, сондай-ақ Интернеттегі маркетингтік әрекеттерді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

8.2. Біз сайт пайдаланушыларына сайтқа кіру және пайдалану әдепкі бойынша cookie файлдарын жасауды және сақтауды қамтамасыз ететінін хабарлаймыз. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда сайт пайдаланушысына cookie-файлдарды сақтамай сайтты пайдалану түрінде балама ұсынылуы мүмкін, бұл ретте сайттардың барлық функцияларының жұмысына кепілдік берілмейді.

8.3. Біз cookie-файлдардың келесі түрлерін пайдаланамыз:

Қатаң түрде қажетті cookie-файлдар

Бұл cookie-файлдар веб-сайттың жұмыс істеуі үшін қажет және біздің жүйелерде өшірілмейді. Олар әдетте құпиялылық параметрлерін орнату, жүйеге кіру немесе пішіндерді толтыру сияқты қызметтерді сұрауға тең келетін келушілердің әрекеттеріне жауап ретінде ғана орнатылады.

Функционалды cookie файлдары

Бұл cookie файлдары Ресурсқа веб-сайттағы пайдаланушының қалауын және веб-сайтта жасаған таңдауын, соның ішінде географиялық орналасуын, тілін және кеңейтілген мазмұнын есте сақтауға мүмкіндік береді. Бұл cookie файлдары кіріктірілген мазмұнды веб-сайтта көрсетуге мүмкіндік береді.

Аналитикалық cookie файлдары

Бұл cookie файлдары Ресурсқа кірулер мен трафик көздерін санауға мүмкіндік береді, осылайша біз сайтымыздың өнімділігін өлшеп, жақсартуға аламыз. Олар бізге қай беттердің ең танымал және аз танымал екенін білуге және келушілердің веб-сайтты шарлап жатқанын көруге көмектеседі. Біз анонимді деректерді жинау үшін аналитикалық cookie файлдарын қолданамыз, бұл бізге жеке келушілерді анықтамай-ақ пайдаланушылардың белсенділік тенденциялары сияқты жалпыланған ақпаратты ғана көруге мүмкіндік береді. Бұл бізге Сіздің құпиялылығыңызды сақтай отырып, веб-сайтымызды және оның ыңғайлылығын жақсартуға көмектеседі. Егер бұл cookie файлдары өшірілген болса, біз сіз сияқты пайдаланушының біздің сайтқа қашан кіргенін білмейміз және оның жұмысын бақылай алмаймыз.

Маркетингтік cookie файлдары

Бұл cookie файлдары Сіздің қызығушылықтарыңызға сәйкес келетін жарнамаларды жеткізу үшін пайдаланылады. Олар сондай-ақ жарнамалық қараулардың санын шектеу үшін, сондай-ақ жарнамалық науқанның тиімділігін бағалау үшін қолданылады. Бұл ақпарат басқа ұйымдарға, мысалы, жарнама серіктестеріне берілуі мүмкін. Бұл, Сіз біздің сайтқа кіргеннен кейін біздің қызметтеріміз туралы кейбір жарнамаларды Сіз Интернет желісінің басқа жерінен көре аласыз дегенді білдіреді.

Негізгі cookie файлдары және үшінші тараптың cookie файлдары

Cookie файлдарының екі түрі де біздің сайттың пайдаланушы деректерін жинайтын ақпарат бөліктері болып табылады. Бұл екі түрі де Ресурстарды талдау үшін бақылау ақпараты (аналитикалық cookie файлдары) сияқты деректерді сақтау үшін қолданылады.

Негізгі cookie файлдары

Негізгі cookie файлдары Ресурс арқылы жасалады және сайт доменінде пайдаланылады, біз ақпаратты басқа серіктестерге бермейміз. Олар көбінесе веб-сайт пайдаланушысының қалауы мен параметрлерін есте сақтау арқылы пайдаланушы тәжірибесін (UX) жақсарту үшін қолданылады.

Үшінші тараптың cookie файлдары

Үшінші тараптың cookie файлын Ресурс иесінен басқа біреу (үшінші тарап) Ресурсқа орналастырады және үшінші тарап үшін пайдаланушы деректерін жинайды. Үшінші тараптың cookie файлдары сайт кейінірек пайдаланушы туралы бір нәрсені есте сақтауы үшін орналастырылады.

8.4. Cookie файлдарын қалай басқаруға болады?

Негізгі cookie файлдары

Сіз өзіңіздің құрылғыларыңызда (планшет, смартфон, компьютер және т. б.) орналастырылған cookie файлдарын басқара аласыз: cookie файлдарын жойыңыз, оларға рұқсаттар орнатыңыз және біздің cookie файлдарын пайдалануға өзіңіздің келісіміңізді кері қайтарып алыңыз.

Үшінші тараптың cookie файлдары

Әр түрлі браузерлердегі үшінші тараптың cookie файлдарын жою немесе бұғаттау бойынша нұсқаулар сілтемелер ([Google Chrome](#), [Microsoft Edge](#), [Opera](#), [Mozilla Firefox](#), [Safari](#)) арқылы қол жетімді.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Саясатпен реттелмеген барлық басқа жағдайларда біз Қазақстан Республикасы мен РФ заңнамасының ережелерін (РФ азаматтарының дербес деректерін өңдеу бөлігінде) және дербес деректерді өңдеу саласындағы жергілікті актілерімізді басшылыққа аламыз

9.2. Біз осы Саясатты өзгертуге құқылымыз. Өзгерістер енгізілген кезде Саясат өзекті редакцияда біздің сайтта мына мекенжай бойынша орналастырылады: <https://www.qiwi.kz/privacypolicy>.

9.3. Саясаттың орналастырылу күні: 08 шілде 2025 ж., Саясат нұсқасы: 1.0.